



• 1996 жылы Ташкентте түркітілдес мемлекеттер басы-ларынның кездесуі өтті.

• 1997 жылы мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру, олардың билік пен қызметтік жағдайын теріс пайдалануына жол бермеу, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесі құрылды.

• 2005 жылы тұңғыш рет Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік дипломатиялық корпус-пен «Ақорда» жана резиденция-сында кездесті.

• 2009 жылы елордала Қазақстанның тұңғыш жел атла-сының таныстырылымы өтті. Аталған жел атласы – Қазақ-стан аумағындағы кез келген нүктедегі желдің жылдық орташа жылдамдығы жайында хабардар ететін интерактивті карта.

• 2011 жылы Қарағандыда қазақтың белгілі ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері Қаныш Сәтбаевқа ескерткіш ашылды.

• 2015 жылы Шымкент қаласында «Қазына» этнопаркиі кешені салтанатты түрде ашыл-ды. Кешен 75 гектар жерді алып жатыр.

• 2017 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Уәлихановтардың атадан мирас болып қалған мекені Қазақстанның киелі жерлері қатарына енгізілді. «Сырбой» мекені – XIX ғасырға тиесілі ағаш сәулетінің ескерткіші.

• 1993 жылы Ұлан-Батыр қаласында Қазақстан мен Монғолия арасындағы достық қатынастары және ын-тымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

• 1997 жылы Нью-Йоркте БҰҰ Бас Ассамблеясының ар-найы мерейтойлық 50-сессиясы жұмысының бірінші күні тау онжылдықтағы БҰҰ перспекти-валары мен міндеттері туралы бағдарламалық баяндамасымен Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі.

• 2004 жылы Сауд Арабия-сы астанасы Әр-Рияд қаласында «Нәзір Төрқұлов – КСРО-ның Сауд Арабиясы Корольдігіндегі өкілетті төрағасы» атты кітабы жарық көрді. Кітап араб тілінде жазылған, оған Н.Төрқұловтың күнделігі мен хаттары енген.

2010 жылы елордала бірнеше жыл бойы Қазақстанда, Тәжікстанда, Түрікменстанда қазба жұмыстарын жүргізген Гер-мания археология институтының фотокөрмесі ашылды.

«Алтын дән – 2021» шарасының бағдарламасы

22 қазан, жұма	
11 ⁰⁰	Егін жинау жұмыстарының қорытындысымен сессия отырысын марапаттау. (Облыстық мекемелер үйі)
23 қазан, сенбі	
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жармекесі	
Орналасуы орны	
Қырымқызы ауданы	Сахия Романовна көшесі мен Саламатов көшесінің аралығы (Ақсәтін және «Мерей» иалық ауданы)
Жалағаш ауданы	Ә. Қашаубаев көшесі мен Жетісу көшесінің қиылысы (Татар қыстағы)
Сырдария ауданы	Жанқожа батыр көшесінің бойы (Решібай бойы)
8 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	Арал ауданы С.Торайғыров көшесінің бойы («Шұғалы» бала-бақшасының алды)
Қазына ауданы	Т.Мұртабаев көшесі мен Қожақмет Ясауи көшесінің қиылысы («Шұғалы» иалық ауданы)
Жаңақорған ауданы	Астана даңғылының бойы (Қожақмет көшесі мен А.Павлов көшесінің аралығы)
Шіңгір ауданы	Тасбөгет көпірі (Орталық алаң)
Ултық спорт түрі	
12 ⁰⁰ -13 ⁰⁰	Қалалық пингпон
Ат жарыстарының салтанатты ашылуы	
1) Төгі бойы – 4 шақырым	
2) Қуан бойы – 7 шақырым	
3) Төгі бойы – 16 шақырым	
4) Аламан бойы – 25 шақырым	

21 қазан, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz



Қыш дастархан туралы не білеміз?

Жанкент өз жәдігерлерінің жаңғырығымен жалпақ жұрттың өткеніне көз тастауына, ой салуына мүмкіндік беріп отыр. Облыстық тарихи-өлкетану музейіне ортағасырлық Жанкент қалашығының әкелінген экспонаттар ішінде екі керамикалық бұйым ерекше көзге түседі. Шенбер формасында жасалған, артқы бөлігінің қак ортасынан қуыс тостаған тәрізді биік тұғыры бар. Бұйымның жоғарғы беті тегіс жылтыр, көп кездесе бермейтін археологиялық олжа қатарына жатады.

Бұлардың тұрмыста қалай пайдаланылғаны туралы музейдің ғылыми қызметкерлері екі түрлі болжам жасап отыр. Бірінші нұсқа – үстіңгі тегіс беті ас ішуге арналған сол заманның керамикалық дастарханы десек, екінші нұсқа – оғыз әйелдері ас дайындау кезінде камыр жаюға пайдаланған, қазіргі нантасқай ролін атқарған деуге болады.

Музей қызметкерлері мен археолог ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, керамикалық дастархан деген нұсқаға тоқталды. Екі керамикалық дастарханның өлшемі екі түрлі. Материалының түсі қызғыш оғыз стилінде жасалған. Көлемі үлкен, диаметрі – 123 см, биіктігі – 15 см, тұғыры – 12,5 см. Екіншісінің диаметрі – 117 см, биіктігі – 15 см, тұғыры – 12,5 см. Қос дастарханның артқы бөлігі геометриялық ою-өрнекпен безендірілген.



4-бет



БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



«БІЛІМ – ЕҢ КҮШТІ, ЕҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛ»



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Жезқазған қаласындағы да-рынды балаларға арналған мамандандырылған «Өркен» мек-теп-интернатына барды.

Президент заманауи құралдармен жабдықталған «Өркен-медиа», өлкетану,

домбыра және арт-студия кабинеттерін аралап көріп, педагогтармен және оқушылармен әңгімелесті.

– Ғылым, білім деген өте маңызды. «Білімді мыңды жығалды» деген даналық сөз бар. Білім – қазіргі аумалы-төкпелі за-манда ең күшті, ең тиімді құрал. Білімді болсаң, барлық қиындықтарды еңсересің. Міндетті түрде. Сондықтан біздің мемлекетіміздің үлгілі, лайықты, абы-ройлы азаматтары болындар. Еліміздің

болашағы сендердің қолдарында, – деді Мемлекет басшысы.

«Өркен» мектеп-интернатының оқу-шылары өлкетану кабинетінде Ұлытау өңірі мен Сарыарқаның тарихы, қасиетті орындары туралы оқиды. Қасым-Жомарт Тоқаев туған өлкесінің және қазақ халқының тарихын білудің маңызды екенін атап өтті.

900 орындық қазақ тілінде оқытатын оқу ордасы 2020 жылы салынған. Мек-теп-интернатта жаратылыстану және

● БІЗДІҢ АУЫЛ

Аққұмдағы «Бақдәулет»

Жалағаштың Аққұм ауылын аралағанбыз. Мұнда да ірі шаруашылық бар. «Бақдәулет» ЖШС 2012 жылы құрылған. Айтпақшы, мұнан бөлек «Бақдәулет-57» деп аталатын фермер қожалығы жұмыс істеп тұр. Егін егумен қатар, төрт түлікті де өсіріп отырған серіктестіктің тіршілігін тізбектен көрейік.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Алдымен асылтұқымды мал санын арттыруға ұмтылған «Бақ-дәулет-57» қожалығын араладық. Жылқы мен түйе, сиыр мен уақ малдың да қарасы мол мұнда. Фер-ма бригадирінің сөзінше, 1150 қой бар. Көбіне «Еділбай» тұқымын көзіміз шалды.

– 150 бас ақбас сиыр өсірудеміз. Оның 100-ге жуығы аналық, қалғаны – баспақ, бұзау, тайынша. Сондай-ақ 54 түйе бар. Оның он шақтысын сауып, шұбатын қалаға жібереміз. Жылқы да ұстаймыз. Камбар атаның тұқымынан 300 бас бар, олар көбіне қолда емес, жайылымда, – дейді бригадир Әділқалып Тұрмағанбетов.

Шаруашылықта бордаққалау алаңы, қасапхана жұмысы жолға қойылған. Құз бен қыс айларында 30-40 бас ірі қара сойылып са-тылады. Ал уақ малды керек ет-кен тұрғындар тікелей ақшасына

алып жатса, жұмысшылар жағы жалақысынан жаздырып алатын көрінеді.

– Ферманың өзінде, күріш шаруашылығын қоспағанда 25 адам жұмыс істейді. Бордақысы бар, сауыны бар, бәріне де жұмысшы керек қой. Арық-тұрағын бағуға да көп күш ке-рек. Ветеринар дәрігер ұдайы қадағалап, тиісті екпе жұмыстарын уақытылы жүргізіп отырады. Негізінен жылқыдан басқасының бәрі қыста қораға айналады. 60-70 мың дана жоңышқа жиналып, қосымша табиғи шөп пен жем де шаруашылықтың өзінен дайында-лады, – дейді ферма бригадирі.

Ал ветеринар Сейдулла Өркібаевтың айтуынша, уақ мал-да өкпе аурулары болып тұрады. Жылқыда сақау, сиырда қарасан дейтін ауру ара-тұра кездесіп қалады екен. Кейде жылқылар

өзара тебісіп те жараланып жа-ды. Кесте бойынша екпе салып, төтеннен келер кейбір дерттің ал-дын алып жүрген шаруашылықта мал шығыны көп болмайды екен.

Фермаға жақын орналасқан қырманға соқтық. Мұнда да қызу еңбек. Егін орымын аяқтап қалған шаруашылықтың өз күріш ақтау зауыты бар. 2018 жылы салынған. Сағатына үш тонна күріш ақтайтын зауыттың өнімі екі жылдан бері арнайы «Бақдәулет» маркасымен сыртқы нарыққа жол тартуда.

– Күніге тапсырысқа байла-нысты жұмыс жүргіземіз. Зауытта 10 шақты жігіт бар. Бір ауысында 12-13 тонна күріш ақтап, сапып алушыларға жібереміз. Ал тап-сырыс одан көп түскен жағдайда кәсіпорын күніне 18-20 сағатқа дейін жұмыс істейді. Негізі тап-сырыс ішкі нарықтан келеді. Әрі қарай олар Қырғызстан, Өзбекстан сияқты көрші мемлекеттерге жөнелтіп отыр. Шаруашылық тек «Янтарь» сортын ғана өсіреді. Себебі Сыр салысының ішінде осы сортқа деген сұраныстың көптігін бәрі де біледі, – дейді күріш ақтау зауытының менгерушісі Айдан Өтепов.

2-бет



«БІЛІМ – ЕҢ КҮШТІ, ЕҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛ»

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір режимінде Қарағанды облысының Жәйрем кентінде жаңадан ашылған кен байыту кешенінің жұмысын ресми түрде іске қосты.

Кен байыту фабрикасының құрылысында 2500-ге жуық адам жұмыс істеді. Жәйрем кенті үшін жаңа жобаның іске қосылуы жаңа өмір мен дамудың зор келешегіне жол ашды. Кен байыту кешені Қазақстанда мырыш пен қорғасын концентраттарын шығаратын ең ірі кәсіпорын болады. Өндірісте 400 адам жұмыспен қамтылады.

Қарағанды облысының әкімі Жәніс Қасымбек Мемлекет басшысына аймақ үшін аталған жобаның маңызы зор екенін айтты. Жаңа фабрика шығаратын өнім түрлері көбейеді және өндіріс көлемі 2,5 есе артып, 5

миллион тоннаға дейін жетеді. Сондай-ақ өңделген өнімнің экспортты ұлғайтып, салық түсімі 1,5 миллиард теңгеге көбейеді. Жоба басталғалы бері инвесторға барынша қолдау көрсетілді. Жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінде коронавирус індетіне қарамастан, жоба белгіленген мерзім ішінде аяқталды.

Президентке қазіргі таңда Қарағанды облысында 2 триллион теңгеден асатын қаражатқа 50 ірі инвестициялық жоба іске асырылып отырғаны жөнінде баяндалды. Биыл 14 жоба іске қосылып, аймақтың өнеркәсіп кәсіпорындарының инфрақұрылымына тартылатын инвестиция көлемі 230 миллиард теңгегі құрайды.

«Қазмырыш» ЖШС бас директоры Александр Хмелев Қасым-Жомарт Тоқаевқа фабриканың құрылысы 3 жылда аяқталғанын және коронавирус індеті жүктелген міндетті іске асыруға кедергі болмағанын айтты. Оның пікірінше, байыту фабрикасының іске қосылуы Жәйремді ғана емес,

тұтастай Қарағанды облысын дамытудың жаңа кезеңі болмақ. Мұнда жылына 5 миллион тонна кен өңделеді. Бұл кәсіпорынның кемінде 15 жыл жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «Қазмырыш» компаниясы кенттің дамуына 5 миллиард теңгеге жуық қаражат құйды. Жергілікті ауруханаға заманауи жабдықтар сатып алынып, құзыреттерді дамыту орталығы құрылды және коммуналдық саланы жаңғырту мен дамытуға жыл сайын қаржы бөлінеді.

Жәйремдегі кен байыту кешенінің цех басшысы Еркін Шайхин Мемлекет басшысына қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіріп, кенттің жанданғанын және ондағы оң өзгерістер туралы, сондай-ақ жаңа фабриканың іске қосылуынан жергілікті тұрғындар зор үміт күтетінін айтты.

Іс-шара соңында Президент кәсіпорынның еңбек ұжымына және осы ірі жобаны іске асыруға атсалысқан барша азаматтарға ризашылығын білдіріп, табыс тіледі.

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

9 ай: Өсім негізгі салаларда



Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша бірқатар салаларда өсім бар.

Мәселен, осы жылдың қантар-қыркүйек айларында облыстың өнеркәсіп орындары 543 млрд теңгенің өнімін өндірді. Оның ішінде, өнеркәсіп өндірісінде өсім өзге де пайдалы қазбаларды өндіру 5,3%-ке, тау-кен өндіру өнеркәсібінде қызмет көрсетудің 13,6%-ке және өңдеу өнеркәсібінің 12,6%-ке арту есебінен қамтамасыз етілді.

Мұнан бөлек, жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру 2,6 есеге, өзге де бейметалл минералдық өнімдерді өндіру 2 есеге, тамақ өнімдерін өндіру 12,5%-ке, машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату 48,4%-ке, жиһаз өндіру 20,6%-ке, химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру 8,8%-ке, кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру 3,3%-ке, резеңке және пластмасса бұйымдарды өндіру 6,4%-ке артуы есебінен өңдеу өнеркәсібінде өсім 12,6%-ке қамтамасыз етілді. Жыл басынан бері өңдеу өнеркәсібі саласында 123,8 млрд теңге өнім өндірілді.

Кез келген аймақтың даму қарқынын сипаттайтын ең маңызды көрсеткіштердің бірі –

инвестиция тарту. Сыр өңірінде осы жылдың 9 айында өңір экономикасына 186,4 млрд теңге инвестиция салынды. Инвестиция көлемінің өсуі Data Center ғимаратының құрылысы, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы тұрғын үйлердің құрылысы, жолдар, сумен жабдықтау, Қызылорда қаласындағы тұрғын үйлердің құрылысы және жаңғырту, Қызылорда қаласындағы шыны зауытының құрылыс-монтаждау жұмыстары есебінен қамтамасыз етілді.

Қантар-қыркүйек айларында 63,1 млрд теңгеге құрылыс жұмыстары жүзеге асырылған. Оның ішінде, жыл басынан бері 502,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Құрылыс көлемі 2020 жылдың тиісті кезеңіне 103,5%-ті құрады.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 119,9 млрд теңгеге немесе 2020 жылдың сәйкес кезеңіне 102,3% болды. 9 ай ішінде өңірде жалпы есеппен тірі салмақта 26,9 мың тонна мал және құс еті, 66,7 мың тонна сүт, 5,7 млн дана жұмыртқа өндірілді.

2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда аталған көрсеткіштің тиісінше 102,4%, 102,3% және 103,1%-ті құрады.

Сондай-ақ, аймақ үшін маңыздылығы басым мәселелердің бірі – облыс тұрғындарын, оның ішінде жастарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету. Осы орайда облыс бойынша тұрақты түрде ұйымдастырылатын бос жұмыс орындары жәрмеңкелері мен мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламаларын атап өткен жөн. Айта кетейік, 2021 жылдың II тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 4,9% құрады. Ал, биылғы жылдың I қазанына 25033 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде 12372-сі тұрақты жұмыс орындары.

Өңір экономикасының тұрақты дамуына ықпал ететін тағы бір сала – шағын және орта кәсіпкерлік. Осы жылдың қантар-қыркүйек айларында облыста жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 6,6%-ке артып, 50596 бірлікті құрады. Көрсеткіштің өсу қарқынына бизнеске бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары әсер етіп отыр. Жалпы алғанда, осы жылы бизнесті дамытуға шамамен 23,8 млрд теңге бағытталған.

Министрлік су деңгейінің төмендеуіне себептерін атады

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде Қызылорда облысындағы экологиялық жағдай «Арал-Сырдария» бассейнінің деңгейіне тікелей байланысты екені, онда су азығы циклы 2019 жылдан бері жалғасын келе жатқаны түсіндірілді.

«Сырдария өзенінің су деңгейі Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан аумағындағы су шаруашылығы қызметіне байланысты және көбінесе Қырғызстандағы «Тоқтағұл» су қоймасында судың жиналу мөлшерімен белгіленеді. Осы жылы «Тоқтағұл» су қоймасында текше метр су 2019 жылға қарағанда 5 миллиард текше метрге су аз жиналды. Вегетациялық кезеңнің басында шамамен 15 миллиард текше метр су жиналған кезде норма

қарастырылады. Бірақ 1 сәуірдегі жағдай бойынша су қоймасында тек 8,7 миллиард болды. Бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,9 миллиард текше метрге аз», – деп хабарлады министрлік.

«Тоқтағұл» су қоймасы «Нарын-Сырдария» су қоймалары қаскадының құрамына кіреді. Министрлік сарапшылары түсіндіргендей, қазір қаскад энергетикалық режимге көшті, Түркістан облысындағы орналасқан «Шар-

дара» қоймасына су келуі вегетациялық кезеңде азаяды және вегетацияаралық кезеңде ұлғаяды.

Бұл ретте «Шардара» су қоймасын іске қосу және толтыру режимі Сырдария өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан су қоймаларының жұмыс режиміне және көрші елдердегі су шаруашылығы жағдайына байланысты.

Бүгінгі таңда «Шардара» су қоймасы толтыру режимінде жұмыс істейді. Қоймадан су жіберу секундына 50 текше метрмен жүзеге асырылады.

Ведомствоның хабарлауынша, Тәжікстан мен Өзбекстанда вегетациялық кезең қазан айының соңына дейін жалғасады. Сондықтан «Шарда-

ра» су қоймасына судың түсуі және Сырдария өзенінің төменгі ағысына су жіберу көлемін ұлғайту мәселесі қараша айында Мемлекетаралық үйлестіру су шаруашылығы комиссиясының кезекті 81- отырысында қаралатын болады. Онда сондай-ақ Сырдария өзенінің бассейні бойынша 2021 жылғы вегетациялық кезеңнің қорытындылары шығарылады және 2021-2022 жылдардағы вегетацияаралық кезеңде мемлекеттердің су тарту лимиттері мен «Нарын-Сырдария» су қоймалары қаскадының болжамды жұмыс режимі келісіледі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Қоғамдық кеңес төрағасы Н.Аппазов жүргізген жиынға облыстық мәслихаттағы партия фракциясының мүшелері ZOOM платформасы арқылы онлайн режимде қатысты.

Партияның облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Л.Төрешова партияның сайлауалды бағдарламасында «Қайырымды қоғам – таза экология» бағытында табиғатты қорғау бойынша кешенді шаралар белгіленгенін, олардың қатарында Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау мәселелері де бар екенін және ол шаралар Жол картасына сәйкес тиісті мерзімдер-

де жүзеге асырылатынын айтты.

«Арал-Сырдария» бассейнінің инспекциясының басшысы С.Нұрмбетов және «ҚазСуШар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда филиалы директорының орынбасары Ж.Ернараров хабарлама жасап, 2021-2022 жылдарда қысқоқтем айларындағы «Шардара» су қоймасының болжамдық жұмыс кестесі жасалғанын, ҚР Су ресурстар комитетіне ұсыныстар жолданғанын жеткізді. Сондай-ақ мәлім болғандай, «Шардара» су қоймасының болжамдық жұмыс кестесі Ташкент қаласында

өтетін Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының алдағы қараша айында өтетін 81-ші отырысында нақтыланбақ.

Жиынға қатысушылар тарапынан «Қоқарал» бөгетін қалпына келтіру туралы сұрақ қойылды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Б.Шәменовтің айтуынша, «Қоқарал» бөгетіндегі жағдай Үкімет бақылауында. Бөгетті қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге биыл жобалық-сметалық құжаттарын сараптамадан өткізу үшін республикалық бюджеттен 10 млн теңге қаржы бөлінген. Құжат сараптамадан өтсе, бөгетті реттеу-

ге республикадан қаржы сұралатын болады.

Жиында сөз алғандар Сырдария өзенінің ахуалы өңір тағдырына тікелей байланысты екенін алға тартып, өз ұсыныстарын айтты. Жауапты мекеме өкілдері кеңес және фракция мүшелерінің ұсыныстары бойынша тиісті жұмыс жүргізілетінін, жалпы дарияның жағдайы жергілікті атқарушы органдардың қатан бақылауында тұрғанын жеткізді.

Партия филиалы өз тарапынан жиында айтылған ұсыныстарды республикалық Экология жөніндегі қоғамдық кеңес назарына ұсынып, «Қоқарал» бөгетін қалпына келтіру жұмыстарына қаржы бөлуге қолдау білдіру туралы Парламент Мәжілісіндегі «Nur Otan» партиясы фракциясы мүшелеріне арнайы хат жолдайтын болады.

Өзен – өлкенің өмір өзегі

Кейінгі жылдары әлемде климаттың жылыну жағдайы жаһандық деңгейдегі мәселеге айналды. Бұл құбылыс болашақта орны толмас апатқа соқтыруы мүмкін екенін де сарапшылар алға тартып отыр. Алысқа бармай-ақ Қырғызстандағы мұздықтардың еру жағдайына назар аударып көрейік. Орта Азиядағы мұздықтардың шамамен 45 пайызы Қырғыз елінің аумағында жатыр. Демек, бұл – осы атыраптағы елдің ойланатын мәселесі.

Орта Азияда халық саны жылдан жылға артып келеді. Сала-мандары осы кеңістікте орналасқан Сырдария мен Әмударияның суы қажеттілікті қамтамасыз етуге толық жетпейтінін айтады. Себебі, өзендер бойындағы халықтың негізгі өмір сүру көзі суармалы жерден алынатын өнімге тікелей байланысты.

Сырдария өзені Орта Азияның Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттері арқылы Қазақстан аумағына келіп жетеді. Ұзындығы 2 мың шақырымнан асатын өзен бойында қаншама көлемде егін егіледі. Өзге де мақсаттарға жұмсалыды. Қырғызстандағы «Тоқтағұл» су қоймасының сыйымдылығы 19 млрд текше метрге лайықталған. Қазір онда небәрі 12 млрд текше метр су бар. Жағдай осындай сипат алып тұрғанда дарияның төменгі бөлігіндегі өзге су қоймаларының ахуалын бағамдауға аса ақылдың қажеті жоқ. «Шардара» су қоймасынан төменгі ағысқа жіберілетін су қыркүйек айында небәрі 30 текше метр болған. Қысқасы, тығырықтан

шығу жергілікті жерде шешіле бермейді. Бұл – мемлекетаралық мәселе. Осыған байланысты облыс әкімдігі тарапынан тиісті ұсыныстар жасалған. Нәтижесінде жаз айларында Тәжікстан аумағынан Қызылорда облысының суға сұранысын қанағаттандыру мақсатында 300 млн текше метр қосымша су бөлінген еді.

Қазіргі уақытта облыс әкімдігі тарапынан ҚР Премьер-Министріне және Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттерімен Сырдария өзенінің төменгі ағысына су жіберу көлемін ұлғайту мәселесі бойынша келіссөз жүргізу жөнінде ұсыныс жолданды.

– Алдағы уақытта комиссия отырысында 2021-2022 жылдардың вегетацияаралық кезеңінде мемлекеттердің су алу мүмкіндігі мен «Нарын-Сырдария» су қоймалары қаскадының болжамдық жұмыс режимі талқыланады. Айта кетерлігі, 18 қазаннан бастап «Шардара» су қоймасынан

төменгі ағысқа босатылатын су секундына 50 текше метрге артты, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқарма басшысы Бауыржан Шәменов.

Кейінгі жылдарда облыста ауыл шаруашылығы дақылдарын әрпараптандыру мәселесіне назар аударылды. Биыл облыста 188 мыңнан астам гектарға егін егілсе, күріш 84,4 мың гектарды шамала-нды. Оның орнына суды аз қажет ететін дақылдар 9,8 мың гектарға дейін артты. Майлы, көкөніс-бақша дақылдарына мән берілуде.

Осыдан 15-20 жылдай бұрын облыста 60-65 мың гектар күріш егілген болатын. Өрине, аталған дақыл ерекше күтімді қажет етеді. Қыруар шығын жұмсалады. Егін көлемін кеміткен жағдайда дикандардың табыс табу мүмкіндігі, жер жағдайы қалай болады? Бұл жағы да барынша мұқият сараптауды қажет етеді.

Қызылорда облысында бүгінге дейін бірде-бір су қоймасы жоқ. Бұл су ресурстарын тиімді пайдалануда көп қиындық осып келді. Жергілікті мамандар алып орай бірнеше жоба ұсынды. Солардың арасынан «Қараөзек» су қоймасы қолдау тапты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында еліміз бойынша су жүйелерінің ескіргені, соның салдарынан жер үсті су қорының 40 пайызы қаталға кетіп жатқаны айтылған болатын. Сонымен, 2025 жылға дейін республика бойынша 9 су қоймасын салу жоспарланды. Сол су қоймаларының бірі «Қараөзек» арнасы бойында орналаспақ. Сыйымдылығы 775 млн текше метрге жуық.

Мамандардың есебінен, су қоймасы арқылы Қараөзек көлдер жүйесіне су жіберіліп, шабындық-жайылымдық алқаптар ретке келтіріледі. Оған қоса Қазалы ауданының егіндік жерін суландыру мәселесіне септігін тигізеді. Жобаның жалпы құны – 1,9 млрд теңге. Су қоймасын іске қосу арқылы суармалы жерді, көлдерді, шабындық пен жайылымды нәрлендіруге болады. Көлдер жүйесіндегі суды жинақтап ұстап тұру үшін «Қараөзек» арнасында «Байгелді», «Картонкомбинат», «Қожатай» су тоспаларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Ол бойынша 14,3 шақырым бөгет, 4 шақырым канал қазу және өзге де жұмыстар жасалады.

Қысқасы, дарияның бүгінгі жағдайына қатысты мамандар пікірі осындай. Су азайған жерде тіршіліктің күйі қалай құбылатынын тәптіштеп жататын мәселе емес. Ендігі жерде осы жөнінде шыншудың қам-қарекетін көздеген ұсыныстар оң шешілеріне үміт зор.



Аққұмдағы «Бакдәулет»

Айдыңның сөзінше, «Бакдәулет» ЖШС биыл 1400 гектарға жуық күріш екен. Мемеленген өнім жиналып отыр.

Жоғарыда айтқандай, бір ауылдағы екі шаруашылық осылай қос саланы дамытып келеді. Екеуін қоса алғанда 90 адамды жұмыспен қамтып отыр. Орташа айлық 100 мың теңге шамасында. «Аққұмның» халқынан бөлек, вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер бар. Маман тапшы болған соң сырттан келгендер.

– Қазір бұрынғыдай емес, аға буынның жасы келіп, зейнетке кетіп жатыр. Сала бойынша агроном, механизатор, күрішші табу қиын. Өсіресе, сушы табымайды. Мына күріш зауытындағылардың барлығы арнайы күрстан өткен. Өнімді дайындауға өте жақсы білім керек, – дейді ферма бригадирі.



Расы сол, зауыттағы жас жігіттердің барлығы жергілікті емес. Айдыңның өзі де облыс орталығынан келіп жұмыс

істеуде. Ол да замандастарының мұндай салаға құлқы жоқ екенін мойындайды.

– Жұмысқа жауапкершілік ке-

рек. Жаңа бригадир ағамыз айтқандай, мамандыққа тапшылық бар екенін жасырмаймын. Расы сол, өзіміз қатарлы



жігіттердің мұндай жұмыстарға қызығушылығы жоқ. Аға буын істеген нағыз еңбекті біз жалғастыруымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеуге жүрексінібесек деймін. Өйткені қазір барлығы бұрынғыдан жақсарған. Техника жетілген, ауыр жұмыстардың барлығын солар атқарады. Мысалы, күріш зауытындағы жұмысты алайықшы. Алдына ақталып келе жатқан өнімге қабынды тос та, күт. Аппарат өзі өлшеп, тігін машинасына апарып, аузын тігіп береді. Қап-қап күрішті аркалап ешкім жүрмейді. Оны таситын арнайы техника бар. Тек осылардың тілін таба білсең болғаны, – дейді Айдын Өтепов.

Біз де жиі байқағанбыз. Егін даласында 50-ден асып, 70 жасқа жакын қалған аға-әкелерді әлі де көреміз. Жастар си-

рек кездеседі. Еңбеккерлердің арасында осындай мәселе бар.

«Аққұмдағы» халық қажетін өтеп тұрған шаруашылықтың тіршілігі тындырымды. Мұнда бейсауат жүрген ешкім жоқ. Бәріне жүктелген тиісті міндет бар, соның жүгін абыроймен аркалап жүр. Айтпақшы, шаруашылық төрағасы Серік Шуақбаев жыл соңында өз озаттарын құр қалдырмайтынын естігенбіз. Былтыр үш еңбек адамына темір тұлпар мінгізтіпті. Мол өнімге қол жеткізген жұмысшылар жалақыдан бөлек, әрқайсысы 500 мыңнан жоғары сыйақы алыпты.

Күзгі науқанды мол өніммен аяқтауға тырысатын Сыр дикандарын қанша мақтасақ та жарасалы. Ала жаздай аптап ыстыққа төзіп, ата кәсіппен бірге жер несібесін жиган аққұмдықтар да осы жолдан таймай келеді.

СҰХБАТ

УАҚЫТПЕН ҮНДЕСТІК – ІЛГЕРІЛЕУ КЕПІЛІ

Елімізде экономиканың түрлі салаларында ұзақ жылдар еңбек етіп, үлкен жетістіктерге жеткен тұлғалар аз емес. Бүгінгі сұхбат иесін де солардың қатарына қоса аламыз. Ол өзі таңдаған мамандығы бойынша еңбек жолын осыдан 40 жылдан астам уақыт бұрын электромонтер болып бастап, «Қызылорда РЭК» АҚ президенті лауазымына дейін көтерілді. Бүгінде «Қызылорда жарығы» холдингінің кеңес төрағасы және Қазақстан электроэнергетикасы ассоциациясы директорлар кеңесінің төрағасы, «Атамекен» ҰКП энергетика комитетінің мүшесі.

Осындай еңбек жолынан өткен Жомарт Көшербаевпен әңгіме өзегі ғылым мен осы саладағы соны өзгерістер барысын да өрбіген еді.



— Жомарт Елеуұлы, сіз кезінде «ҚЭТТК» АҚ басшысы болып тұрған кезіңізде БАҚ-пен тығыз байланыста болдыңыз. Одан кейін журналистер өзіңізді жоғалтып алды. Сол аралықта қысқаша шолу жасап кетсеңіз...

— Осыдан он бес жыл бұрын, дәлірек айтқанда, 2006 жылы мен Плеханов атындағы Халық шаруашылығы академиясының аспирантурасына экономика ғылымдарының кандидаттығын қорғау мақсатында оқуға түстім. Осылайша өмірімнің жаңа кезеңі басталды, көптен келе жатқан арманымды жүзеге асыруды көзделдім. Ғылыми диссертациялық жұмысымды тәжірибеммен ұптастыра отырып, Қазақстан Электрэнергетикасы нарығын дамытудың жаңа бағыттарына арнағанды жөн көрдім.

Соған орай 2008 жылы «ҚЭТТК» АҚ төрағасы ретіндегі қызметімді тоқтату жөнінде шешімге келдім. Алайда, өмірде бәрі ретімен сәтті жүзеге аса бермейтін кезеңдер де болады. Сол 2008 жылдың соңына қарай, Плеханов атындағы академиядағы мен таңдаған мамандық бойынша Ғылыми кеңес өз жұмысын тоқтатқаны белгілі болды. Бұл сол кезеңдердегі білім беру саласындағы реформаларға байланысты орын алған еді. Диссертациялық жұмысым 70%-тей көлемде орындалып қалған кезі, «енді не істеу керек?» деген сауал өзінен-өзі туындайтын белгілі. Егер мұндай жағдайда адам ұнжырасы түсіп кетсе, көздеген мақсатына жете алмайтын белгілі.

2009 жылы «Қазақстан Энергетиктер Ассоциациясы» директорлар кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүріп ғылыми жұмыстарымды жалғастыру мақсатында Ресей Президенті жанындағы Халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының (РАНХиС) «Іскерлік әкімшілік докторы» бағдарламасы бойынша оқуға түстім. Мұнда осы академияның корпоративті басқарудың жоғары мектеп директоры, экономика ғылымдарының докторы С.Календжиянмен және Ресейдің әлемдік деңгейдегі экономика, РАНХиС-тің «Іскерлік әкімшілік докторы» бағдарламасының ғылыми жетекшісі, академик А.Аганбегиянмен таныстым.

Олар бұрынғы диссертациялық жұмысыммен тығыздықты танысып, келесі ұсынысын жеткізді. Диссертацияны аяқтау және заманауи нарықтық қатынастардың жетістіктері туралы білімді жүзілді түрде жетілдіру мақсатында Іскерлік әкімшілік докторларын дайындайтын үш жылдық DBA (Doktor of Business Administration) бағдарламасына қатысуымды және экономика ғылымдарының кандидаты атағын қорғау үшін осы жоғары оқу орнының аспирантурасына оқуға түсуім керек болды. Осылайша Плеханов атындағы академиядағы еңбегім еш кеткен жоқ, өзінің қисынды жалғасын тапты.

Академик Аганбегиян диссертациялық жұмысымның тақырыбы электрэнергияға қатысты екенін ескеріп, РФ-ның бұрынғы экономика министрі, Ресей энергетикасы реформасы авторларының бірі, сол кездегі «Роснано» компаниясы бас директорының орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, профессор Я.Уринсонмен кездестірді. Ол менің жұмысыма — Қазақстан Республикасының электрэнергетикасына қызығушылық танытып, диссертацияның ресми жетекшісі болуға келісімін берді.

Осылайша білімді жетілдірудің жаңа белсенді кезеңінде DBA бағдарламасы бойынша оқып, ғылыми жұмысымды аяқтаумен айналыстым. 2011 жылы Мәскеуде «Қазақстан Республикасында электр энергиясының бөлшек сауда нарығының дамуы» («Развитие розничного рынка электроэнергетики Республики Казахстан») деп аталатын монографиям жарық көрді. Сол жылы желтоқсанда РАНХиС-те диссертациямды қорғап экономика ғылымдарының кандидаты атағына қол жеткіздім. Осы кезеңде Қазақстан Энергетиктері Ассоциациясы директорлар кеңесінің төр-

ағасы болып сайландым. 2012 жылы «Іскерлік әкімшілік докторы» бағдарламасы бойынша үш жылдық оқуымды аяқтап, дипломымды сәтті қорғадым. Ал Қазақстан Республикасы электрэнергетика нарығының инновациялық дамуы (Инновационное развитие электроэнергетики) рынока Республики Казахстан) деп аталатын екінші кітабым 2018 жылы Мәскеуде басылып шықты. 2020 жылы оқырман қолына тиген «Жарқын болашақ» (Светлое будущее) деп аталатын үшінші кітабым да Мәскеуде басылып.

Осындай оқу орындарында алған білім мен тәжірибелерімнің негізінде және ұжыммен бірлескен жұмыс нәтижесінде «Қызылорда жарығы» холдингінің құру жобасы жүзеге асырылып, бүгінде оның директорлар кеңесі төрағасы қызметін атқарудамын.

Кітаптарыма байланысты айта кетерлік жайт, оларды ешқашан сатуға шығарған емеспін, бірақ Қазақстанның Ұлттық кітапханасынан бастап барлық облыстың кітапханаларына тараттым. Сонымен бірге өзіміздегі жоғары және орта оқу орындарына бердім. Елімізде энергетика саласына қатысты жазылған кітаптар бар. Бірақ Қазақстандағы энергетиканың бөлшек саудасына қатысты жазылғандар жоқ есебі. Осы тақырып менің еңбектерімде барынша қамтылған.

— Өзіңіз төрағалық етіп отырған құрылымдар жайлы айтып өтсеңіз...

Елімізде 1999 жылы Қазақстан Электрэнергетика Ассоциациясы құрылды. 2004 жылы ондағы директорлар кеңесі төраға орынбасары, 2011 жылы төрағасы болып сайландым. Ассоциация алғашқы құрылған кезеңде оның құрамына оншақты ғана компания кірсе, қазір олардың саны жүзден асып кетті. Бас кеңесім Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан, атқарушы органымыз бар. Ассоциация Экономика және Энергетика министрліктері мен «Атамекен» ҰКП-да аккредитациядан өткен.

Ассоциация базасында Нарықтық кеңес жұмыс істейді. Ол Қазақстан электрэнергетика нарығын жетілдіру бойынша нормативтік база дайындау мен заң жобалары ұсыныстарын беру, ҚР Энергетика министрлігінің энергетика саласы үшін инвесторларға қосымша ынталандыру жасау өкілеттілігіне ие. Ассоциация ТМД мемлекеттеріндегі әріптес ұйымдармен тығыз байланыс орнатқан. Энергетиктердің республикалық, халықаралық кәсіптік жарыстарын өткізіп тұрамыз.

Ал «Қызылорда жарығы» холдингі өңіріміздегі энергия нарығындағы құрылымдарды топтастырып отыр. Атап айтқанда, холдингте құрылған «UNION ENERGY» концорциумына Байқоңыр ғарыш айлағы электр энергиясымен қамтамасыз ететін ресейлік және қазақстандық компаниялар және облыстағы «Қызылордаэнерго» ЕЖШС, «Әулетэнерго» ЖШС, «Шиелі жарығы» ЖШС, «Энергосервис» ЖШС, «Өндіріс» ЕЖШС, «Энергоинвестгрупп» ЕЖШС секілді компаниялар кіреді.

Компанияның негізгі айналысатын жұмыстарына электр энергиясын сату, электр желілері объектілерін салу және құрастыру,

Жомарт Елеуұлы Көшербаев

РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясының Іскерлік әкімшілік басқару докторы.

Оксфорд Академиясы кеңесінің құрметті профессоры. Еуропа бизнес ассамблеясының Экономика мен бизнес саласына қосқан үлесі үшін номинациясы бойынша Сократ атындағы халықаралық марапат иегері.

Еуропа бизнес ассамблеясының «Ғылымға есім» номинациясы бойынша марапат иесі. Ұш ғылыми монографияның және 30 ғылыми мақала авторы.

Қазақстанның және ТМД-ның еңбегі сіңген энергетігі. «Құрмет» және «Шолювский» атындағы ордендер иегері.

Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

электр желілері нысандарын жобалау, есептегіштер мен өлшем приборларын жөндеу, тексеру, құрастыру, нысандардың энергоэкспертизасын өткізу, электр материалдары мен құрылғыларын сату кіреді. Өрніне, сонымен қатар, қызмет көрсету нарығын кеңейту бағытында жұмыс жүргізіп, қызмет көрсету сапасын арттыру және оны ұдайы жетілдіріп отыру — басты ұстанымдардың бірі.

— Қызмет көрсету сапасын жақсарту деңгейі. Электр энергиясын үшін жиналатын төлемдерді басқа коммуналдық қызмет түрлері төлемдерімен топтастыру да жетістік деп атауға бола-

— Қазақстанда бірнеше жылдан бері цифрландыру бағдарламасы жүзеге асып жатыр. Осы бағдарлама аясында бірыңғай төлем құжатын енгізуді қолға алдық. Алғашқыда тек электр энергиясы ғана болса, одан кейін жылу үшін төлем жасау енгізілді. Келесі кезекте «Су жүйесі» және «Қызылорда тазалығы» төлемдері орын алды. Қазіргі күні тұтынушылар бірыңғай төлем құжаты арқылы 7-8 қызмет үшін ақы төлеп отыр. Бұл оңай процесс емес. Бұл мекемелердің ақпараттары бар бағдарламаға бізге келіп түсуі тиіс, оны жинақтап бір құжатқа енгіземіз.

Жалпы электрэнергиясын таратуда қандай қиындық бар дегенде ол электр қуаты ұрлығы дер едім. Оны тұтынушылар ғана емес, мекеменің қызметкерлері ұрлауға қатысып тұрды. Олар компьютер базасына кіріп, көрсеткіштерді өзгертіп, қарыздарды жойып отырған. Ал енді қазір олай жасай алмайды. Биллингке кіріп, өзгеріс енгізу үшін, оған рұқсат алуы керек. Қазір кімнің биллингке кіріп, қандай жұмыстар жасағаны көрініп тұрды. Біз әуелі осы проблеманы шешіп, содан кейін бірыңғай төлем құжатын жолға қойдық. Ал «ҚЭТТК» АҚ-да осымен қатар есептегіш көрсеткішін фотофиксация жасап, бірден бағдарламаға жіберетін биллинг жүйесін жасады. Осылайша біз контролер мен тұтынушы арасындағы байланысты үзе алдық. Айта кетейік, 2013 жылдары Қызылордада электр

энергиясы үшін жасалатын төлем көлемі 75%-тен артық жиналмайтын. Соған байланысты 2-3 жылда компаниялар банкротқа түсіп жататын. Бес жылда осындай күй кешкен үш компания жабылып қалды. 2013 жылдан бері жеті жыл уақыт өтті. Қазір біз төлемнің 97-98%-ін жинап жүрміз. Тұрғындар кейінгі уақыттары Kaspi.kz қосымшасы мен басқа да терминалдарды тиімді пайдалануда. Қазір осындай төлем жасау барлық төлемнің 70%-тен асты. Мүмкін жақын болашақта кассирлер отыратын төлем кассаларының қажеті болмай қалып, жауып тастайтын да шығармыз.

— Аймақтағы сала мамандарының біліктілігін арттыруда жақсы бастамалар қолға алынғанына хабардармыз. Жүзеге асырылу қалай?

— Бүгінде әлем қарыштай дамып, қай салада болсын ұдайы өзгерістер жүріп жатыр. Демек, әр адам үздіксіз оқып, білім алуға, өзінің кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылуы керек. Яғни,

білім арқылы адамның әлеуеті көтеріліп, экономикалық өркендеуге және әл-ауқатын арттыруға қол ашылмақ. Былайша айтқанда, осы заманғы адам өмір бойы оқуға тиіс, білімін жетілдіріп, біліктілігін арттырып отырмаса көштен қалады. «Қызылорда жарығы» холдингі РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясымен 2009 жылдан бері тығыз байланыс орнатқан. Осы академияның корпоративтік басқару жоғары мектебінің Іскерлік әкімшілік басқару шебері (МВА) бағдарламасы бойынша көптеген мамандарымыз білімін жетілдірді. Аталған жоғары мектептің 9 адамнан тұратын қамқоршылық кеңесі жұмыс істейді. Оны жетектей ресейлік мамандар, екеуі шетелдік. Оның біріншісі — германиялық профессор Борш, екіншісі мен. Ол да қоғамдық жұмыс іспеттес. Өзім сонда оқып, диссертация қорғағаннан кейін соған жұмыс істеп жатырмыз.

Жалпы корпоративтік басқарудың жоғары мектебі бизнес құрылымдары мен ұлттық компаниялардың басқару командасы мүшелері мен орта буын мамандарын қазіргі заманда табысты бизнес жүргізу әдістерін үйрететін, осы бағытта білім беретін оқу орны саналады. Ал MBA — бизнесте, мемлекеттік қызметте және муниципалдық басқаруда тиімді жұмыс жүргізуге машықтандыратын бірден-бір бағдарлама. Өзірге бізде нестату саласында одан артық бағдарлама ойлап тапқан жоқ. Сондықтан да оған сұраныс жоғары.

Осыдан екі жыл бұрын Қызылорда қаласында жиырма адамнан құралатын екі топ ашқанбыз. Бірінші топ оқуын аяқтады. Оның ішінде жеті адам холдингте еңбек етеді. Айына бір рет Мәскеуден профессор келіп, төрт күн сабақ өткізіп кетеді. Ол «демалыс күндеріндегі оқу бағдарламасы» деп аталады. Білімін жетілдіріп жатқан мамандардың өндірістен қол үзеуіне қолайлы. Қызылордадан Мәскеуге барып келу қымбатқа түсетін болғандықтан осындай жолын таңдадық.

Облыстың әр ауданында кемінде бір маман осы MBA бағдарламасы бойынша білімін жетілдірсе екен деген арманым бар еді, оны да орындауға жақын қалдық. Бүгінде Жанакорған, Шиели, Сырдария, Қазалы, Арал ауданында бағдарламаны оқып шыққан әріптестеріміз бар. Алдағы уақытта Қармақшы мен Жалағаштан шыққан әріптестеріміз осындай мақсатқа қол жеткізеді деген үлкен сенімдемін.

Бағдарлама бойынша білім алған мамандар бизнестің тұрақты даму стратегиясын анықтап, компаниясының негізгі құндылықтарын көре біледі және оны дамытуға шешім қабылдайды. Конструктивті жаңа идеяларды түрлендіріп, оларды жүзеге асыруға қабілетті артады. Ұжымның және оның әрбір мүшесінің шығармашылық қуаты

мен іскерлік қабілетін байқай біліп, оны қажетті бағытқа жұмылдыруға жұмыс жүргізе алады. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен оны жүргізу этикасы қағидасын жете түсінеді. Отандық және халықаралық рынокта табысты жұмыс істеуге машықтанады.

Аталған оқу орнында тек біздің холдинг ғана емес, өңіріміздегі басқа да бизнес құрылымдары өкілдерінің, мемлекеттік қызметшілердің білімі мен біліктілігін жетілдіруіне ұйытқы болып жатқанымызды айта кеткім келеді. Олар бұрын тек таза техникалық маман немесе мемлекеттік қызметкер болса енді бизнес жүргізудің заманауи тәсілдерінің қыр-сырына қаныға алады. Қаржы, экономика, құқық, заң саласы туралы білімін байытып, адамдармен қарым-қатынас жасау, жауапкершілікті өзіне ала білу, ұйымдастыру, шешендік шеберлік, стратегиялық жоспарлау, аналитикалық ойлау дағдылары мен келіссөздер жүргізу тактикасы, профайлинг, имиджді қалыптастыру туралы кеңейтілген түсінік алады. Құқық қорғау қызметіндегі ақпараттық технологиялармен танысады. Міне, осындай алған білімді өздері қызмет атқаратын компаниясының өркендеуіне жұмсайтын болады.

— Жомарт Елеуұлы, алпыс деген аға жасынан астыңыз, зейнеткерлік жасына жетіп отырсыз, маман ретінде, азамат ретінде, әке ретінде өмірден не түйдіңіз?

— Мен үшін энергетик мамандығым өмірімнің негізі болды. Энергетик барлық кезде өз жұмысының адамдарға өте маңызды екенін түсінеді, ал адамдар көбіне оған мән бермедейді. Өйткені розеткаға электр қуаты келіп тұр. Үй жарық, жылы, барлық қондырғылар жұмыс істеді. Ал бірақ мұның артында мыңдаған энергетик мамандардың еңбегі тұрғанын ескере бермейді. Солардың қатарында энергетикалық компаниялар басшыларының да үлкен жауапкершілігі тұрғанын білгені дұрыс. Олар мыңдаған адамдардың қалыпты өмір сүруі үшін тынбай жұмыс жүргізеді. Осындай мамандық таңдағаным өкінібеймін. Жұмыс барысында не бір қиындықтар орын алғанда да еңсемді түсіріп емеспін.

Мен барлық уақытта отбасымның қолдауын көріп отырдым. Кез келген саланың маманы үшін оның «сенімді тұлға» болған өте маңызды деп есептеймін. Ол жарының, балаларының сенің жұмыстан өте кеш қайтатындың, тіпті демалыс күндеріңді өзі жұмысқа арналып жататынын жақсы түсіне білуінен байқалады.

Біздің әулетті көбіне жемізің, бауырларымыздың жүріп өткен жолына қарап, саяси-қоғамдық жұмыспен қол айналысқан деп ойлап қалуы мүмкін. Өндірісте жұмыс істегенім өзім де депутат ретінде қоғамдық істермен айналыстым. Өйтсе де біздің әулетті энергетиктер әулеті деп сенімен айтуға болар. Өкеміңнің інілері Дәрібаев Аманкелді аға мен марқұм Дәрібаев Нағымалин аға екеуі де энергетик. Нағмет бітіргеннен кейін техникалық мамандық таңдадым да сол кісілердің әсері мол болды. Болат ағамыздың үйіндегі жеңеміз де осы салада жиырма екі жыл еңбек еткен. Өзім қырық бір жыл бойы осы саладамын. Жоғарыда айтқан ағаларымын балалары да энергетика саласында жұмыс істеп жатыр. Оның біреуі Энергетика министрлігінде қызмет атқарады. Өзімнің ұлдарым мен қызым да энергетиктер. Бесеміз де РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясының түлегіміз.

Өткен жолы есептеп отырсам, барлығымыздың еңбек өтілімізді қосқанда екі жүз жылдан асып кетті. Сондықтан да энергетиктер династиясы деп айтуға да болар. Өкеміздің «Мәртебелі ғұмыр» деген кітабы бар. Өмірінің соңғы кезеңдері жазған, бірақ ол кісі дүние салғаннан кейін жарық көрді. Сонда бізге үнемі айтып жүретін ақыл-кеңесі бар. «Өздеріңе жамандық жасаған адамға жамандықпен қайтаруға тырыспандар. Қолдарыңнан келсе көмектесіңдер, жақсылық жасаңдар» деп айтып кеткен. Міне, сол өмірлік ұстаным. Балаларыма да осыны айтып келемін. Енді кішкентай немерелеріме осыны айтамын.

Жалпы кез келген адам қандай жетістіктерге қол жеткізіп, қандай қызмет атқарса да қарпайым болып қалуы керек деп ойлаймын. Өзім осы қасиеттен ауытқымауға тырысып келемін...

Сұхбаттасқан
Ыдырыс ТӘЖҰЛЫ,
«Сыр бойы»

«Банктер кредит беруден бас тартты» Бірнеше жылда кәсіпкерге айналған Иіркөл тұрғынының әңгімесі

Банктердің бизнесті қаржыландыруға аса ықылас танытпай отырғаны Президенттің биылғы Жолдауынан тыс қалмады. Мемлекет басшысы: «Екінші деңгейдегі банктер шағын жобаларға, әсіресе ауылға арнап ақша салмайды. Сондықтан микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу керек. Олар жергілікті жерде жұмыс істейді. Өзінің тұтынушыларын, олардың бизнесі мен мүмкіндіктерін жақсы біледі» деді.



Расында да, микроқаржы ұйымдарының басты мақсатының бірі — ауыл халқын, ауылдағы кәсіпкерлерді қаржыландыру. Мисал ретінде, КМФ микроқаржы ұйымы туралы айтуға болады. Нарыққа 24 жыл бұрын келген бұл ұйымның жалпы кредит портфелінің 130 миллиард теңгеден астамы кәсіпкерлерге берілген. Ал жалпы клиенттерінің 68 проценті — ауыл адамдары.

Сонымен қатар, КМФ-тің қаржыландыруымен кәсібін дөңгеленткен іскер отандастарымыз 183 мыңнан аса жұмыс орынын ашса, 90 мыңнан аса адамның кіріс көзі бүгінде мал шаруашылығы мен егіншілікте. Солардың бірі — Қармақшы ауданы Иіркөл ауылының тұрғыны Мұғалла Есенаманқызы Өзбергенова. Ол білім, байланыс салаларында қырық жылдан астам уақыт еңбек етіп, зейнетке шыққан соң бала-сының кеңесімен несие алып, мал басын көбейтуді қолға алған.

Ауылдастары қалаға жұмыс іздеп кетіп жатқанда, балаларын да туған жерінен қия бастырмаған ол аз ғана малға ие болып, оны қалай көбейтудің жолдарын қарастырды. Ол үшін КМФ микроқаржы ұйымынан алғашында 1 миллион теңге микрокредит алып, Жамбыл облысынан 10 баспақ сатып алыпты. Климат, жер түті басқа аймақтан келген малдың әуелде жерінуі қиын болса да, кейін үйреніп кеткен.

— КМФ-тен екінші мәрте 3,5 миллион теңге микрокредит алып, Түркістан облысының Қарабұлақ жерінен гиссар тұқымды қойлар алдырдық. Нәтижесінде етті молаңдан беретін жаңа төл шығару ісін қолға алдық. Ерекшелігі — бұл қойлар жылына екі рет төлейді. Ауылдағы қойлардың ең күйлісі 20 келі ет берсе, гиссар аталықтары 80 келіге дейін ет береді. Мұнымен тоқтап қалмай, Орал өңірінен 10 кошкар алдырдық. 7-8 айлық тоқтылардың әрқайсысын 95 мың теңгеден сатып алдық, — дейді Мұғалла Есенаманқызы.

Зейнеткер өзін кәсіпкер емес, қарапайым ауыл шаруашысымен дейді. Бүгінде ата кәсіптен береке тапқан отбасы дастарханын сүт, ірімшік, құрт пен майға толытырып отыр. Бармағынан бар жалап, оның жемісін көріп отырған жайы бар, әрі ештеңеден тарықпай өмір сүреді. Ет-сүт өнімдерімен тек өз отбасын асырап қана қоймай, артық өнімдерін базарға шығарып, үйге, тұрмысқа қажетті керек-жарак заттарын алады.

— Өдетте, ауылдық жерде жалақы көлемі төмен және табыс көзі ауыл шаруашылығынан

түскен өніммен байланысты. Сол үшін банктер кредит алу кезінде қиындыққа тап болып жатамыз. Банк тұрақты табыс көрсеткішін дәлелдеуі, кепілге аса құнды мүлікте қоюлы талап етіп, кредит беруден бас тартқан кезде КМФ қол ұшын созды. Қазір осы қаржы ұйымының тұрақты клиентіміз. Қызметтерінің барлығы ыңғайлы. Соның арқасында қорамда мал жиналды. Ең бастысы, ұтымды еңбектің, үздіксіз ізденістің нәтижесі болатынын ұмытпаған жөн, — дейді Мұғалла Есенаманқызы.

Зейнеткер балаларын көзін ашқаннан еңбек тәрбиесіне баулып, үй шаруасына кеңінен араластырды. Сол себепті де балалары еңбексүйгіш, өмірге икемді болып өсіп келеді. Бүгінде алдыңғы екі микрокредиттің толық өтеп, үшінші рет 2 миллион теңге көлемінде алған. Қазір сол қаржыны Түркістан облысынан асыл тұқымды сиырлар алдырып, мал басын асылдандырады.

Айта кетейік, КМФ — Қазақстандағы ең ірі микроқаржылық ұйым. Отандық қаржы нарығына 1997 жылы келген компания елімізде берілген микрокредиттердің жалпы көлемінің 30 пайызына ие. Компания өкілдерінің жалпы көлемінің 30 пайызына ие. Компания өкілдерінің жалпы көлемінің 30 пайызына ие. Компания өкілдерінің жалпы көлемінің 30 пайызына ие. Компания өкілдерінің жалпы көлемінің 30 пайызына ие.

Осылайша, КМФ микроқаржылық ұйым елдегі ауыл шаруашылығы, өндіріс салаларының дамуына он серпін беріп, отандық экономиканың алға басуына өз үлесін қосып отыр. Ол үшін бірқатар онтайлы бағдарлама да ұсынылған. Мысалы, «Достар» деп аталатын бағдарлама арқылы бірнеше адам бірігіп, кепілдіксіз 6 миллион теңгеге дейін ала алады. Бір қызығы, кепілдікке достардың адамгершілігі, бір-бірінің алдындағы жауапкершілік қойылады. Осы сияқты шағын және орта бизнесті дамытуға арналған, ерекше шарттармен берілетін микрокредиттер жетерлік. Мысалы, «Микро», «МСБ», «Сенім» және тағы да басқа.

Онлайн ақша алу, энергияны үнемдейтін тауарларды сатып алуға арналған микрокредит, тұтынушылық мақсаттарға немесе бизнес үшін, жер телімін немесе көлік сатып алуға қолайлы микрокредиттер туралы kmf.kz сайтынан немесе ұялы телефоннан тегін қоңырау шалуға болатын 7474 номерлі байланыс орталығынан білуге болады.

Библиот. СӨТЖАН



Микроқаржылық қызметті жүзеге асыру қорынан беріп КМФ-дан 26.02.2021 жылы №02.21.0003.М шешімімен

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Бердалиева Мира Кыстаубаевна (лицензия №0000316, 27.11.1998 ж.) 2021 жылдың 14 тамызында қайтыс болған азаматша Абдраманова Калиманың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі 3 В (ЦОН аялаамасы), тел.: 8 702 777 27 22.**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нұрекевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2021 жылдың 28 сәуірінде қайтыс болған азамат Жаббарбергенов Абдулланн атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.



Қ.АМАНЖОЛОВ-110



ҚАСЫМ АҚЫН

Көп жайдың кезі келді ашылатын,
Көп істің айтатын да ашып атын.
Өзгеше өлең өрі, туы болған,
Ең ұлы, құдіретті Қасым ақын.

Көп еді асып-тасқан кезі арнадан,
Ол жайлы талай ұлы сөз арнаған.
Одан соң талай тұлпар туганменен,
Ілгері оған жетіп, оза алмаған.

«Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Сонда да бұл Қасымды абайласың».
Деп жазды асыл аға отты өлеңнің,
Аспанда жаркылдатып ақ алмасың.

Қияға қыран ақын қанат керген,
Қашанда өз биігін қалапты өрден.
Көрсетіп өлмес жырдан өнегені,
Талпынған талай жасқа канат берген.

Бір үміт тыншу бермей жас жанымда,
Талпынып жырға қадам басқанымда.
Асыл нұр көкірегіме ұялатқан,
Қасым жыр жаркылдады аспанымда.

Секілді бір ғажабы сүйікті елдің,
Қасымдай асу бермес биік көрдім.
Қасым – жыр шығар шыны, туы болды,
Мендегі арман, максат, үміттердің.

Мен бұрын мұндай ғажап көріп пе едім,
Елітіп ерен жырға, еліктедім.
Аңғардым асыл жырдың, Қасым – жырдың,
Елітіп ел жүрегін еріткенім.

Шын сұңқар шырқай алмай тұншыққанда,
Төбеге шығар құзғын, шымыш, қарға.
Жанса да жаны отты жырмен лаулап,
Қаншама кейікті ақын қырсықтарға.

Кемел ой асып жатқан кемерінен,
Көп жайды толғаушы еді тереңнен.
Бәрін де көре білді, көне білді,
Дауылдай өртегі тиген өлеңмен.

От шайнап, алау, жалын жамылатын,
Салатын кейде өртегі жанын ақын.
Қаншама шөкірттері қалды артында,
Қасымша ойлап, толғап, ауыратын.

Жүректі Қасым жыры нұрға малып,
Биікте Қасым туы тұр қалайып.
Армандай айналады сағынышқа,
Таулардай көрінеді тұлғаланып.

Еркіндік алған қазір сүйген елі,
Көп елден еңсесі озық іргеді.
Ақынға берді көше, мектеп атын,
Бір кезде бір баспана тимеп еді.

Жасым жыр жанартаудай атылатын,
Бірде нұр, бірде мұңға батыратын.
Сақтаған жүрегінде ауылы елі,
Ардақтап жатыр бұғын ақын атын.

Алтын тәж секілденген ардадағы,
Той жасап жатыр бүгін Қарқаралы.
Тербеген Қасым жыры, Қасым әні,
Біздегі байтақ өңір, бар қаланы.

Шыққандай шырқап шыңға, қырға Қасым,
Шын тілек, құрметтен нұрланасың.
Жасауда асыл ақын ұлы тойын,
Білетін қалың елі жыр бағасын.

Ақынның орындалып ұлы арманы,
Қонғандай қолына кеп қиялдағы.
Қашанда оттай жанған Қасым жыры,
Жылытып жүректерді тұрар мәңгі.

Махмұтбай ӘМІРЕУЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.
Қызылорда

Қалқабай Әбензов атындағы байқауға қатысыңыз!



Облыстық «Сыр бойы» газеті мен
Қ.Әбензов атындағы қоғамдық қоры ел
Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында
Қалқабай Әбензов атындағы «Тәуелсіздік
толғауы» байқауын жариялайды.

Жалпы ереже
Байқау облыстық деңгейде ұйымдас-
тырылады.
Байқаудың үйлестірушісі және

ұйымдастырушысы – «Сыр медиа»
ЖШС.

Байқаудың мақсаты:
Жас журналистер шығармашылығы-
ның дамуына қолдау көрсету, мемле-
кеттік тілдің қолдану аясын кеңейту.
Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер-
ді насихаттау.

**Байқауды ұйымдастыру және
оған қатысушыларға қойылатын та-
лаптар:**

Байқауды ұйымдастырып, өткізу
мақсатында Ұйымдастыру комиссиясы
құрылады.

Байқауға Тәуелсіздік жылдарындағы
елдің әлеуметтік-экономикалық, руха-
ни-мәдени дамуы, жастар саясаты,
ұлтаралық татулық, жалпы, қоғамның
бет-бейнесі туралы талдау, зерттеу тұр-
ғысындағы еңбектер, тың тақырыптар
(қазақ және орыс тілдерінде) жіберіледі.

Байқауға бұрын-соңды баспа бетінде
жарияланбаған, ал, телеарнада тек бай-

қау кезеңінде эфирден өткен материал-
дар жіберіледі.

Байқауға жасы 35-ке дейінгі бұ-
қаралық ақпарат құралдарында жұмыс
істейтін тілшілер мен тәуелсіз қалам-
герлер, блогерлер, журналист-фрилан-
серлер қатыса алады.

Байқауға әрбір қатысушы баспа бо-
йынша 2 не 3 материалын әрқайсысы
3 парақтан аспайтын көлемде ұсына
алады. А-4 форматында, Times New
Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 ара-
лықта терілуі керек. Сондай-ақ, теле-
арна тілшілері еңбектерін бейнетаспа
түрінде ұсына алады. Байқау материал-
дарын сараптау барысында тақырып-
тың өзектілігі және маңызы, мазмұнның
ашылуы, шынайылығы, жанрлық
шарттарға сәйкестігі, жана әлістерді
қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилі-
нің ұғынықтылығы, зерттеу әдістерін
енгізе білу ерекшелігі ескеріле алады.

Байқауға қатысушылар Ұйымдас-

**тыру комиссиясына (Қызылорда
қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А,
байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17,
syrbuyi@yandex.kz электрондық пош-
тасына мынадай құжаттарды қоса
жібереді.**

– Төмендегі деректер көрсетілген
өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған
жері, күні, айы, жылы;
– жұмыс немесе оқу орны, қызметі,
тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құ-
ралдары және 3x4 суреті.

– байқау материалының қағаз нұс-
қасы және бейнетаспа.

Байқауға жіберілген материалдар ав-
торларға қайтарылмайды. Байқауға ұсы-
нылған материалдарды қазылар алқасы
бағалайды.

**Байқауды өткізу және қорытын-
дысын шығару тәртібі:**

Байқау үш кезеңнен тұрады:

– 2021 жылғы 10 қыркүйек пен 26
қараша аралығында байқауға қатысу-

шылардан материалдарды қабылдау;
– 2021 жылғы 26-29 қараша ара-
лығында материалдарды сараптау және
жеңімпаздарды анықтау;

– 2021 жылғы 2 желтоқсан байқау
жеңімпаздарын салтанатты марапаттау
рәсімі.

**Байқау жеңімпаздары Қалқабай
Әбензовтің ұрпақтары атынан бағалы
сыйлықтармен марапатталады.**

Газет материалдары бойынша:

I орын – ноутбук

II орын – смартфон

Телевизиялық материалдар бой-

ынша:

I орын – телевизор

II орын – смартфон

Блогер, журналист-фрилансерлер-

ге:

I орын – ноутбук

II орын – смартфон

Ұйымдастыру комиссиясы

Жаңақорғанда жаңалық көп

Сейсенбі күні Жаңақорған ауданында баспасөз туры
өтті. Аймақ тілшілері оңтүстік аудандағы түрлі кәсіпті
жандандырған азаматтармен кездесіп, игілікті істеріне құз
болды.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

БАҚ өкілдері алдымен «7KZ
Сыр табиғаты» ЖШС-на барды.
2017 жылы құрылған серіктестік
аудан орталығындағы «Агро-
аймақ» маңынан 50 гектар жер
алған. Облыс бойынша алғаш рет
тұқым шаруашылығын ашып,
жеміс көшеттерін дайындап келе-
ді.

Жемістің өз дәнегі арқылы
көшет өсіретін серіктестік меңге-
рушісі Амантай Сарбасовтың ай-
туынша, биыл 12 мың түп жеміс
ағашын сатыпты. Оның ішінде
алма, алмұрт, алхоры, өрік, шие
және шабдалы бар.

Жемістердің түрлі сорты
жеткілікті. Сонымен қатар бақта
декоративті талдар мен аула
гүлдерін өсіреміз. Қазір 10 гек-
тар алма бағын күтімге алдық.
Қосымша жылыжай салдық,
жылына екі мәрте өнім жинай-
мыз. Мал шаруашылығымен де
айналысамыз. Көлеміміз бар, құс та
өсіреміз. Осы тіршіліктің арқа-
сында 25-30 адамды жұмыспен
қамтыдық, – дейді ол.

Нұрқанат
жасаған
әбзелдер

Бүгінде бұрынғы баба өнерін
меңгергендер аз. Меңгергені бы-
лай тұрсын, білетіні де көп емес.

Өсіресе, жылқы мініп өскен
қазақтың қазіргі ұрпағы оның
жасына қарай атауын не түсін
анық айта алмайды. Үстіне жабар
ер-тоқымы мен әбзелдері туралы
сұраудың өзі артық шығар.

Жаңақорғандағы сапар
барысында осы өнерді, дұрысы ат
әбзелдерін дайындайтын Нұрқа-
нат Тұрғанбектің шеберханасы-
на бардық. Аудандағы аграрлы-
техникалық колледждің түлегі
жылқыға қажетті жабдықтың
барлығын өзі жасайды.

Бір ер-тоқымды жабдық-
тауға үш күн уақыт кетеді. Жаса-
луы мен сапасына әрі сәндеуіне
қарай 40 мың теңгеден 500 мың
теңгеге дейін бағаланатын ер-
тоқым бар. Қажетті материалдар-
ды көрші Түркістан облысынан
аламыз. Ал дайын болған өнімді
көтерме бағаммен басқа қалаға
жібереміз. Бұл – отбасылық кәсі-
п. Бауырларыммен бірге қол-
дан жасаған ат әбзелдері өзге ай-
мақтарда да сұранысқа ие. Екіне
үлгермей жатамыз. Өйткені,
салаға қатты мән беремін. Жүр-
дің-бардым істеген дүние қандай
да бір қажетке жарамаса, тұты-
нушының да ренжітінгі анық, –
дейді ол.

Түрлі көрмелерге қатысып
жүрген Нұрқанаттың қолынан
50-ге жуық зат шығады. Атқа



салар ердің өзінен бөлек, жүген,
тарпна, қамшы сияқты керекті
бұйымдар оның шағын шеберха-
насынан табылып тұр. 22 жасар
жігіттің ұлт өнерін ұлықтаудағы
шеберлігі бізді де қуантады.

Құрылысқа
қажеттілер
өзімізде бар

Екі жылдан бері құрылысқа
қажетті тор шығаратын Сейда-
хмет Сербасов төрт азаматты
жұмыспен қамтып отыр. Тапсы-
рылған жұмыс істейтін кәсіпкер
арнайы құрылғы сатып алып,
айына 5 тонна өнім шығарып
келеді.

Жобаның құны – 5 млн
теңге. Жеңілдетілген несиелен
Ресейдің Челябинск қаласынан
арнайы автоматтандырылған стан-
ок алдық. Осында қондырып,
тапсырыс бойынша жұмыс жүріп
жатыр. Мысалы, ұзындығы мен

биіктігін келуші өзі айтса, дәл
солдай тоқып, қолына ұстатамыз.
Станоктың өзіне тиесілі стан-
дартталған сымы бар. Сол бой-
ынша шикізатты Алматыдан
алдыртамын. Биіктігі 50 см-ден
2 метрге дейін, ал ұзындығы 10
метр, яғни бір бұмада осындай
ұзындыққа дейін тор шығарады.
Тапсырысқа қарай мұның бөрі.
Күніне 200-250 метр тор дайын-
далады. Алдағы уақытта цех-
ты үлкейтіп, өнім көлемін
арттырғымыз келеді. Басты мақ-
сатымыз да осы, – дейді кәсіпкер.

Аудандағы бірқатар кәсіп-
керлік нысандар мен тұрғын
үйлер осы өнімді алды келеді.
Жаңақорған кенті сыртынан
салынып жатқан құс шаруа-
шылығының қоршауына да пай-
даланған. Ауданнан бөлек, көрші
Шиели, Қызылорда қаласынан
тапсырыс жиі беріледі. Өнім ба-
ғасы да тордың биіктігіне байла-
нысты.

Бытырдың бері қосымша



жиһаз жасаумен де айналысатын
кәсіпкер 10 млн теңгені құрайтын
заманауи құрал-жабдық алған.
Мұнан өзге жасанды тоған жа-
сап, балық өсірумен айналы-
сады. Биыл күршіткіте қалған
шабақтарды осында төккен
кәсіпкер келешек мұнда демалыс
орнын ұйымдастырмақшы.

Біздің дарияда қандай
балық өмір сүреді, мұнда да сол
балықтар. Айына бір рет бидай-
ды суға әбден жібітіп, осында
аударып отырамын. Қосымша
азық есбейді ғой. Тоғанда балық
өсіру де өз қызығушылығыммен
қолға алынған бастама, – дейді
кәсіпкер.

Қырқеңседегі
қарекет

Жаңақорғандағы Қырқеңсе
ауылында «Бекарыс Агрофуд»
ЖШС жұмыс істейді. Негізгі
кәсібі – мал мен егін шаруа-

шылығы. Мұнда 1000 басқа
дейін бордақылауға болатын
алан салынған. Шаруашылық қо-
сымша сойған малды тексерістен
өткізетін зертхана, қасапхана,
төрт тоназытқыш камерасына
арналған қосымша ғимарат та
тұрғызыпты.

Сондай-ақ биыл 100 гек-
тар күрші, 10 гектар жана жо-
нышқа еккен шаруашылық өз
өнімдерін дер кезінде жинап
алыпты. Алдағы жылға 60 гектар
құздық бидай себу жұмыстарын
жүргізуде.

Су ташылуының сезінген
серіктестік басшылары ауылға
4 құдық қазып берген. Төрт
түліктің жайын әріден ойлаған
олардың бұл игілікті ісіне
ауыл тұрғындары қуана алғыс
білдіріпті.

Айтпақшы, шаруашылық
алдағы жылы құны 250 млн
теңге болатын 5 мың бас асыл-
тұқымды репродукторлы қой
шаруашылығын құруды жоспар-
лап отыр.

Заң талаптары түсіндірілді

**Облыстық ішкі
саясат басқармасының
ұйымдастыруымен
Қызылорда қаласындағы
сауда үйлерінде Тіл
туралы Заң нормалары
түсіндірілді.**

Халықаралық «Қазақ тілі»
қоғамы ҚБ облыстық фи-
лиалының төрағасы С.Асанат,
Назарбаев Зияткерлік мекте-
бінің баспасөз хатшысы Е.Ры-
бина, Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің
қауымдастырылған профессо-
ры, филология ғылымдарының
кандидаты А.Абасилов Қы-
зылорда қаласындағы «Small»,
«Aya city mall», «Қызылорда»
сияқты ірі сауда нысандары-
на барып, басшыларымен кез-
десті.

Атап айтқанда, ғимараттың
ішкі жазық сыртқы көрнекі ақ-
параттарында, қызмет көрсету
барысында міндетті түрде
мемлекеттік тілді қолдану
жөніндегі заңнама талаптары

түсіндірілді. Сондай-ақ қажет-
тілігіне қарай, сауда ұйымда-
рының қызметкерлеріне тегін
қысқа мерзімді оқыту кур-
стары, семинар-тренингтер
ұйымдастырылатыны және мә-
тіндерді аударуға әдістемелік
қосымшалар берілетіні айтыл-
ды.

Тіл жанаушылары ғимарат
ішінен сауда орнын жалға алып
отырған жеке кәсіпкерлердің де
Тіл туралы заңнама талаптарын
сақтауын талап етуге, тұрақты
назарда ұстауға қатысты бірқа-

тар ұсыныс айтты.

Нысан иелеріне заңнан
үзінділер, көрнекі ақпарат мә-
тіндерін жазудың және орна-
ластырудың схема-үлгілері,
анықтама алу және сұрақтар
бойынша байланыс телефонда-
ры мен әдістемелік көмек көр-
сету үшін электронды пошта
жазылған материалдар берілді.
Бұл бағыттағы жұмыстар басқа
да кәсіпкерлік нысандарға жүр-
гізілетін болады.

«СБ» ақпарат

Хабарландыру

жөніндегі мемлекеттік мекемесі) КММ орман орналастыру жобасы бойынша;

07.12.2021 14 сағат 00 минутта Жалағаш а., Ұлы Женис к-сі, 24 ғимаратта «Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ орман орналастыру жобасы бойынша;

08.12.2021 10 сағат 00 минутта Арал ауданы, Қамыстыбас ст. Қамыстыбас көшесі №207 мекенжайында «Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ орман орналастыру жобасы бойынша;

08.12.2021 15 сағат 00 минутта Қазылы қаласы, Күзөмбаев 1 мекенжайында «Қазылы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ орман орналастыру жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz сайтында

танысуға болады.

КОНКУРС ӨТКІЗЕДІ

масына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеу жөнінде 2021 жылға арналған конкурс өткізеді.

Конкурстық құжаттар мына мекен-жайда қабылданады: **Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі н/з, № 212 кабинет. Анықтама телефоны: 8 (7242) 60-54-50.**

Конкурс құжаттарын қабылдау және конкурс өткізілетін мерзімі:

– конкурс құжаттарын қабылдау мерзімі 16.10.2021 ж. – 16.11.2021 ж. аралығында.

Конкурс құжаттарының Қағидасын http://www.e-kyzylorda.gov.kz сайтынан немесе жоғарыда көрсетілген мекен-жайдан алуға болады.

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы-
рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымыздар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және Мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.